


Су шаруашылығының цифрлық трансформациясы

Президентіміз өзінің Жолдауында су шаруашылығы саласына басты назар аударды. Қазіргі таңда Су ресурстары және ирригация министрлігі құрылып, министрлік су ресурстарын басқару, пайдалану және қорғау саласындағы мамандарды даярлау және олардың біліктілігін арттыру бағдарламаларын жетілдіру жөнінде қажетті шаралар қабылдауда. Су шаруашылығы мамандарының жалақысын арттыру мәселесі де басты орында тұрғаны анық. Осы салада біз басқа елдердің тиімді тәжірибесін қабылдайтын боламыз. Ол үшін халықаралық байланыс бағытында белсенді жұмыс жүргізілуде.

М.Әуезов атындағы ОҚУ «Су ресурстары, жерді пайдалану және агротехника» кафедрасының стратегиялық жоспарына сәйкес Халықаралық ұйымдарымен тығыз байланыс орната отырып, «Су шаруашылығында цифрлық технологияларды енгізу» атты тренинг өткізді. International Water Management Institute @iwmi_water CGIAR @onegiar ұйымдастырған тренингке кафедраның профессор-оқытушы құрамы және АП-20-4тк тобының студенттері қатысты.

Тренингте су ресурстарын басқарудың соңғы технологиялық әзірлемелері және озық әдістерімен танысуға бірегей мүмкіндік болды. Профессор Dr.Bunyod Holmatov және Ph.D Shavkat Kenjabaev баяндама жасады. Тренингтің мақсаты су шаруашылығында цифрлық технологияларды енгізу бойын-



ша біліктілікті арттыру, жаңа білім алу және қолда бар білім мен дағдыларды жетілдіру, сондай-ақ су және жер ресурстарын бақылаудың қашықтан әдістері мен деректерін

пайдалану болып табылады.

Су шаруашылығының цифрлық трансформациясы қазіргі әлемнің ажырамас бөлігіне айналды. Технологияның қарқынды дамуы су ресурстарын

басқаруды жақсартуға, өндірістік процестерді оңтайландыруға және экологиялық тиімділікті арттыруға жаңа мүмкіндіктер ашады. Осы мүмкіндіктерді тереңірек түсіну үшін су шаруашылығында цифрлық технологияларды енгізу бойынша тренингке қатысу қажеттілікке айналды. Тренинг сәтті өтті және қатысушыларға айтарлықтай әсер етті. Алынған білім мен тәжірибе су ресурстарын неғұрлым тұрақты және тиімді басқаруға ықпал ете отырып, су шаруашылығын цифрлық трансформациялауды дамытудағы одан әрі қадамдар үшін негіз болады.

М. Есембай,
«Аграрлық» факультет
«Су ресурстары, жерді пайдалану және агротехника» кафедрасы
магистрі, аға оқытушы